

14-02

# Жылдық жұмыс есебі



## Д.А.Қонаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдыққа арналған іс-шаралардың МӘЛІМЕТІ

1 қыркүйек «Білім күні» мерекесі болып өтті. Мерекелік іс-шара таза ауада, мектеп ауласында ұйымдастырылды. Жиынға қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар және оқушылар қатысты. 1-сынып оқушылары ән шырқап, өнерлерін көрсетті. Жиын барысында 2 сынып оқушылары 1 сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығын табыстады.

2-11 сыныптарда 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. Тәрбие сағатын әр сынып өз сыныптарында өтті.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/623224655823343/?d=n>



19.09.2022ж. күні қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыста қыздардың тәртібі, сабаққа қатысы, мектеп формасы, жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын – алу, сенім жәшігі және сенім телефондары жайлы айтылды. Сонымен қатар қыз балалардың жеке гигиенасы, достармен және құрбылармен күнделікті қарым – қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы айтылды. Қыздар ұйымының төрайымы Байғоныс Бағила қыз балалардың қандай болу керектігін айтып өтті. Жиналыс 7-11 сынып аралығында болды. Жиналыс мақсаты: Қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мектеп мәдениетін ұғынуға, отансүйгіштікке тәрбиелеу; Оқушылаға қойылатын талаптар мен жауапкершілік жоспарлары нақтыланды.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/643330637146078/?d=n>



«Жолда жүру қауіпсіздік ережелері» апталығының жоспары түзіліп бекітілді. Жолда жүру апталығы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1 сыныптар мен 11 сыныптар арасында Ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Балалардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету.

Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.

Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын, зейіндерін дамыту. Жолда жүру ережелерін меңгерту. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/637897687689373/?d=n>



Ұстаздар күніне байланысты 30.09.2022ж. күні «Мың алғыс саған ұстазым» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Іс-шарада мектеп оқушылары ұстаздарға арнап өз ізгі тілектерін айтып, өз өнерлерін көрсетті. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/643330637146078/?d=n>



25 қазан Республика күніне орай өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес "Қыран елім-Қазағым" акциясы аясында 2-6 сынып, 7-11 сынып оқушыларының қатысуымен саптық шеру ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Туы көкке көтеріліп, Әнұран шырқалды. Іс-шараға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ахметов және пән мұғалімдері, ұйымдастырушы педагог, аға тәлімгер және өзін-өзі басқару ұйымы қатысты. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/659100215569120/?d=n>



«Менің – отбасым – менің тірегім» атты 7-8 сыныптар арасында шығарма жазды. Шығармада оқушылар бар ойларын анық жеткізе білген.



«Менің отаным-Қазақстан» атты мерекелік кеш өткізілді. Оқушылар белсене қатысып, өнерлерін ортаға салды. Өзін-өзі басқару ұйымы бірлесе ат салысып мерекелік кеш өз дәрежесінде өтті. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/659798202165988/?d=n>



22.10.22ж күні 7-10 сыныптар аралығында мектепшілік күзгі жәрменке ұйымдастырылды. Іс шара оқушыларға өз халқының дәстүрі мен мәдениетінен жалпы түсінік қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы педагог, тәлімгер және өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе ұйымдастырумен әр ұлттың тағамдарын әзірлеп оқушылар таныстырды. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/661334718679003/?d=n>



28-қазан күні 25-қазан Республика күніне орай 6-9 сынып оқушылары арасында "Арайлы алтын күз" атты іс-шарасы өткізілді.

Максаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой – қиялдарының дамуына ықпал ету. Оқушылар мерекелік іс-шараға белсене қатысты. Бас жүлдемен 9-сынып оқушылары, 1-орынды 7-сынып оқушылары, 2-орынды 8-сынып оқушылары, 3-орынды 6-сынып оқушылары, ең үздік киім үлгісі номинациясымен 7-а-сынып оқушылары, ең үздік өнер номинациясымен 8-а-сынып оқушылары марапатталды. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/665665718245903/?d=n>



Тәуелсіздік мерекесіне арналған мерекелік атмосфера қалыптастыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларына лездемелер жасалынып, мектепте өтілетін мерекелік іс-шаралармен таныстырылды. «Менің Туым», "Мен туымды мақтан етемін" айдарымен суреттер салды. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/698698851609256/?d=n>



08.11.2022ж.күні «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналыста қыздар ұйымының жетекшісі Байғоныс Бағила, медбике Б.Адасханова тәлімгер, ұйымдастырушы педагог және сынып жетекшілер қатысты. Жиналыста қыз тәрбиесі жайлы видеоролик көрсетіліп, қыздарға тәрбие жайлы әңгіме сұхбат жүргізді. Жиналысқа 7-11 сынып қыздары қатысты.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/674296970716111/?d=n>



15 желтоқсан күні "Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!" тақырыбында мерекелік кеш өтілді. Іс-шара барысында оқушылардың бойында Отанына, жеріне арналған өлең шумақтарын айтты. Іс-шара соңында патриоттық сынып аралық әндер орындалып, мектеп мұғалімдерінің ізгі тілектері айтылып, қорытындылады. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/702045584607916/?d=n>



27-29.12.2022ж. күні аралығында «Қош келдің жаңа жыл!» атты мерекелік кеш  
27-29.12.2022ж аралығында «Қош келдің жаңа жыл!» атты мерекелік кеш болып өтті. 27.12.2022ж күні  
Мад-тобымен 4-сынып аралығында болып өтті. 29.12.2022ж күні 5-7 сынып аралығы және 8-11  
сынып аралығында өткізілді. Кеш барысында әнші ұл-қыздарымыз бен мың бұралған биші  
бүлдіршіндеріміз өз билерімен сезімдерін паш етті.

1) <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/712578236887984/?d=n>

2) <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/710730870406054/?d=n>



Ұйымдастырушы педагог:

Ұ.Үсенбек

**Д.А.Қонаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылының екінші жарты жылдықта жасалынып жатқан іс-шаралардың МӘЛІМЕТІ**

12-қаңтар еліміздің біртуар азаматы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 111 жасқа толу мерекесіне орай іс-шара жоспары бекітіліп, оқушыларға қазақ елінің біртуар азаматы Д.А.Қонаев туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру, кемеңгер тұлғаның мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін, ерлігін, қажырлы жүргізген саясатын үлгі ету, оқушылар бойына халқымыздың құндылықтарын сіңіріп тәрбиелеу мақсатында қазақ тілі пәні мұғалімі Ж.Абилованың ұйымдастыруымен «Ғасырдың дара перзенті» тақырыбында эссе байқауы, тәлімгер Ж.Кулахимет, педагог-дефектолог Г.Жабағиевалардың ұйымдастыруымен «Өтті дәурен осылай» суреттер көрмесі, 7 «ә» сынып жетекшісі Б.Байғоныстың ұйымдастыруымен «Мақтан тұтар ұлы тұлға» тақырыбында ашық тәрбие сағаты және де мектеп кітапханашысы Ж.Қ.Кадирова мен ҚББП А.О.Нуржауовалардың ұйымдастыруымен 7-10 сынып оқушылары арасында «Ғасыр саңлағы сыр шертеді...» тақырыбында библиокафе болып өтті. Іс-шара барысында мектеп оқушылары Д.А.Қонаевтың өмір дерегін, қызметін, марапаттарын, қасиеттерін, нақыл сөздерін, Д.А.Қонаев атымен аталатын қалалар, мектептер, көшелерді жан-жақты дәріптеді. Халқымыздың біртуар азаматы Д.А.Қонаевтың есімі жылдар өтсе де, әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталып, қоғам қайраткерінің тұлға бойы тұнған талант, қайтпас қаһармандығын өмірлеріне шырақ ете білетіндері

хақ! <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/721273262690148/?d=n>



Ауған соғысының аяқталуының 34 жылдығына орай іс-шара түзіліп бекітілді. Іс-шара барысында 7-8 сынып оқушылар арасында волейболдан жарыс

өткізілді. <https://www.facebook.com/100044074413450/posts/745056196973521/?d=n>



Ауған соғысының аяқталуының 34 жылдығына орай мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен ақпараттық сағат өткізілді. Ақпараттық сағатта кітапханашы оқырманға соғыстың шығу себебін, қанша адам қатысып, қанша адамның опат болғаны жайлы айтып берді. Қазіргі уақыттағы Қазығұрт ауданында өмір сүріп жатқан ауған соғысының ардагерлері жайлы мәлімет берді.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/745203646958776/?d=n>



Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған, еліміздің тарихына құрмет көрсетіп, барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын, азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күні.

Көктемнің алғашқы мерекесі болып табылатын атаулы күн – мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне деген достығы мен махаббатының жарқын символы. Бұл мереке бізді жақындастырып, бірлігімізді нығайта түссін!

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/752737169538757/?d=n>



8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырылды

✓ 7- наурыз күні 6 сынып жетекшісі Ақмарал Оразалықызының ұйымдастыруымен " Аялайық, ананы!" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар аналарға арнап кара өлеңдер оқып, би билеп, әнімен шашу шашып, сахналық қойылымдарды сомдады.

✓ Бастауыш сынып мұғалімі Жанар Жақанқызының ұйымдастыруымен "Кішкентай ханшайым" айдарымен 1а сынып қыздары арасында сайыс өтті. Сайыс барысында ханшайымдар өздерін өлеңмен таныстырып, сұраққа жауап беріп, өз өнерлерін ортаға салып, көлөнер бұйымдарын жасап, сән үлгісін көрсетті.

✓ МАД тәрбиешісі Шырын Бижанқызының ұйымдастырумен МАД тобының тәрбиенушілерімен "Ана бақыты,-бала бақыты" тақырыбында ертегілік өтті.

✓ Бастауыш сынып мұғалімі Нұржамал Нұрханқызы 1ә сыныбында "Аналар асыл жандар" тақырыбымен ашық тәрбие сағатын өткізді. Оқушылар аналарына арнаған өлең, жырларын айтып, өнер көрсетті.

✓ 7-11 сынып оқушыларының қатысуымен "Ана-өмірдің гүлі" тақырыбында іс-шара болып өтті. Іс-шара барысында оқушылар ұстаздарды құттықтап, ән айтып, өлең-жырларын арнады.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/756654855813655/?d=n>



11.03.2023 жылы Ұлыстың Ұлы Күні-Наурыз мерекесіне арналған "Қош келдің-әз Наурыз!" „Таза табиғат“ жасыл акциясы өтілді

Максаты: Табиғат- тіршіліктің көзі екенін ұғындыру. Табиғатты аялап, қорғауға, ластануына жол бермеуге, өз үлесімізді көгалдандыруға, көркейтуге менгерту.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/758346185644522/?d=n>



13-наурыз күні еліміздің өңірлері Наурыз мейрамының басы Көрісу мерекесін атап өтіп жатыр. Бұл күнді Амал мерекесі деп те айтады. Халық қыстан аман-есен шыққанына, көктемге аяқ басып, туыс-туған, көрші-көлеңмен жүздескеніне қуанып, қол алысып, төс қағысады. Бір-біріне деген араздық, өкпе-ренішті ұмытып, амандық тілейді.

Көрісу – жаңа жыл, жаңа өмір, жаңа күн.

Жыл басында бірін-бірі көріп үлгермеген алыстағы туыс-туған жыл ортасына дейін кездесіп, көрісе береді. Бұл – ұрпақты татулық пен бауырмалдыққа тәрбиелеу, ізеттілік пен мейірімге баулу үрдісі.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/759323858880088/?d=n>

Ұлыстың Ұлы Күні – Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің – әз Наурыз!» онкүндік мерекелік іс-шарасында 14.03.2023ж «Ұлы дала ойындары» Ұлттық спорт түрлерін насихаттау жұмыстары, спорттық сайыстар өткізілді.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/759870775492063/?d=n>



Ұлыстың Ұлы Күні – Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің – әз Наурыз!» онкүндік мерекелік іс-шарасында 15.03.2023ж «Қыздар сұлу көрінер ақылымен» атты қыз сыны байқауы болып өтті. Оған 7-10-сынып оқушылары қатысып, қыздар «Таныстыру», «Өз өнерін көрсету», «Қолөнер көрме», «Жас аспаз», «Салт-дәстүрден не білеміз?», шарттары бойынша жарысты. Бас жүлдені «Мектеп Аруы» атағын 8а-сынып оқушысы Сейдуалы Махаббат иеленді. Қалған қыздар белсене қатысқаны үшін 1-2-3 орындар және «Өнерлі ару», «Инабатты ару», номинацияларымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/760792342066573/?d=n>



Ұлыстың Ұлы Күні – Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің – әз Наурыз!» онкүндік мерекелік іс-шарасында 16-17.03.2023ж күндер аралығында мектеп алды даярлық тобымен 11- сынып арасында "Армысың әз-наурыз" атты наурыз мерекесінен көріністер

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/761573331988474/?d=n>



"Жаңа Қазақстан.Күшіміз бірлікте" өнер фестивалі болып өтті

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/771363954342745/?d=n>



7-сәуір Дүниежүзілік денсаулықты сақтау күніне орай "Спорт-күш, спорт-өмір" тақырыбында көктемгі таңғы жаттығу марафоны өткізілді.

<https://www.facebook.com/100044074413450/posts/772369520908855/?d=n>



Ұйымдастырушы педагог:

*У.Ү.Ү*

Ұ.Үсенбек